

БЕКТЕМІН:
Ақтөбе медресе колледж
директоры:



Дәуренбеков А.К.
« тамыз 2022 жыл

Жатақхана кеңесінің ЕРЕЖЕ

I. Жалпы Ережелер:

1. Жатақхана кеңесі колледж жатақханасында өзін – өзі басқару органы болып табылады.
2. Кеңес жалпы жиналыста жатақханада тұратын студенттер қатарынан бір оқу жылы мерзіміне сайланады. Сондай-ақ, Кеңеске жатақхана тәрбиешісі де кіреді.
3. Кеңестің сандық құрамы, жұмыс көлемі мен басқа да ерекшеліктерді ескере отырып, жатақханадағы шәкірттердің санына байланысты жалпы жиналыста дауыс беру арқылы анықталып, бекітіледі.

4. Жатақхана кеңесі келесі атқарымдарды орындайды:

- ◆ Оқушылардың жатақханаға орналастырылуын, жатақхана бөлмелерінің мақсатына қарай пайдаланылуын бақылауды ұйымдастырады.
- ◆ Жатақхананы ұстаудың санитарлық Ережелерінің, электр-тұрмыстық құралдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, тұрғын және оқу бөлмелері мен намазхана жабдықтарының, жиһаздарының және басқа да құралдардың сақталуын тексеру бойынша рейдтер жүргізеді.
- ◆ Жатақхананың ішкі тәртіп Ережелерін сақталуына белсенді көмек көрсетеді.
- ◆ Шәкірттердің жатақханада тұруы үшін қажетті жағдайлар жасауға қол жеткізеді.
- ◆ Шәкірттердің демалысын (бос уақытын) ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізеді.
- ◆ Жатақханадағы шәкірттердің жалпы жиналысына, кеңес отрысына демалысты (бос уақытты), тұрғын үй-тұрмыстық жұмысты ұйымдастырудың өзекті мәселелерін талқылауға шығарады.

- ◆ Жатақхана тұрғындарының ең үздік бөлме байқауына белсенді қатысуларын қамтамасыз етеді.

5. Жатақхана Кеңесінің жұмысын ұйымдастыру:

- Жатақхана Кеңесі жатақхана тұрғындарының жалпы жиналысымен және колледж әкімдігімен бекітілген жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасайды.
- Жатақхана Кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай айына бір реттен кем емес, сабақ уақытынан тыс уақытта өткізіледі.
- Жатақхана Кеңесі өз қызметін колледж әкімшілігімен және жатақхана меңгерушісімен тығыз байланыста жүзеге асырады.
- Жатақхана кеңесі өзінің жұмысы туралы жатақханада тұратын шәкірттердің жалпы жиналысы алдында есеп береді.
- Жатақхана Кеңесінің жұмысын жатақхана тәрбиешісі жетекшілік етеді.
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жатақхана Кеңесіне педагогикалық көмек және қолдау көрсетеді.

6. Жатақхана Кеңесі мүшелерінің құқықтары:

- Қажет болған жағдайда колледж әкімшілігінің алдында тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту туралы мәселелерді жеткізу.
- Жатақханада тұратындарға мәдени - тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартуға қаражат бөлу туралы ұсыныстар енгізу.
- Белсенділерді көтермелеу туралы ұсыныстар енгізу.
- Үздік бөлме байқауының қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау бойынша ұсыныстар дайындау.
- Колледж әкімшілігінің алдына қажет болған жағдайда ішкі тәртіп Ережелерін бұзған шәкірттерді жатақханадан шығару туралы мәселені қою.